

**Ө.А.ЖОЛДАСБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ АКАДЕМИЯСЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ**

**АКАДЕМИЯ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА ИМЕНИ У.А.ДЖОЛДАСБЕКОВА
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ**



**Ө.А. ЖОЛДАСБЕКОВТЫҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ: ӘДІСТЕМЕ, ТЕХНОЛОГИЯ, САПА»
АТТЫ І ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

11-наурыз 2016 ж.

**МАТЕРИАЛЫ
І МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: МЕТОДИКА,
ТЕХНОЛОГИИ, КАЧЕСТВО»
ПОСВЯЩЕННАЯ 85 ЛЕТИЮ У.А. ДЖОЛДАСБЕКОВА**

11 марта 2016 г.

Талдықорған, 2016

АКАДЕМИК Ө.А.ЖОЛДАСБЕКОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕК ЖОЛЫ (қысқаша шолу)

Байгунаков Д.С.

Ө.А.Жолдасбеков атындағы

экономика және құқық академиясының ректоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Бүгін біз қазақтың атпал азаматы, ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері академик Өмірбек Арыстанұлы Жолдасбековтің 85-жылдық мерейтойына қатысты конференцияға жиналып отырмыз. Бұл мерейтой саналы ғұмырын жоғары білім беру ісіне арнаған Ө.А.Жолдасбеков құрметіне өткізіліп отырған республикадағы алуан түрлі іс-шаралардың бір парасы ғана. Қазіргі таңда осы мерейлі күні бірқатар жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарында ғалымның мерейтойы тойлануда. Түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында жоғары білім беру ісі мен ғылымның дамуына зор үлес қосқан Ө.А.Жолдасбеков туралы терең де мағыналы сан алуан пікірлер айтылуда. Әріптестері, шәкірттері мен замандастары тарапынан айтылған естеліктер оның адами болмысы мен азаматтық қасиеттерін кеңінен паш етеді.

Ғалымның өмір жолына қысқаша шолу жасасақ, оның бірнеше белестерден тұрғанын атап көрсетуге болады: Ө.А. Жолдасбеков 1931 жылы 1 наурызда Шымкент облысы Сайрам ауданы Қызылсу ауылында туылған. 1949 жылы Шымкент қаласындағы жетінші қазақ орта мектебін алтын медальмен бітірген соң Мәскеудегі М.В.Ломоносов атындағы мемлекеттік университеттің механика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1954 жылы тәмамдап шықты. 1954-1958 жылдары Шымкенттегі химия-технологиялық институтта аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан болып қызмет атқарды. 1964-1970 жылдар аралығында В.И.Ленин атындағы политехника институтында қызмет етіп, мұнда проректор қызметіне дейін көтеріледі. 1970-1986 жылдар аралығында Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде ректор болып істейді. 1986-1988 жылдары кафедра меңгерушісі, Қазақ КСР Ғылым Академиясы Математика және механика институтында бөлім меңгерушісі болады. Еңбек еткен жылдары В.И.Ленин және екі рет Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, КСРО медальдарымен, екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталады.

Шындығына келгенде, «Жолдасбеков ҚазМУ-ді көтерді, ҚазМУ Жолдасбековті көтерді» деген сөздің жаны бар. Ректорлық қызметке ол небары 39 жасында тағайындалды. Ол аталмыш оқу орнында ректор болып қызмет еткен жылдары ҚазМУ бас жоспары жасалды. Университет қалашығы 15 мың студентке арнап салынды. Онда 6-7 мыңдай ПОҚ жұмыс істеді. Қалашықта студенттердің білім алуына қажетті ғимараттармен (оқу корпусы, кітапхана, стадион, т.б.) қатар түрлі ойын-сауық кешендері (кафе, тамақтандыру комбинаты, шағын кинотеатр, емхана, асхана, т.б.) бой көтерді. Университет қызметкерлеріне арналған баспаналар, олардың бала-шағасына арнап бала-бақша салынды. Жер-жерден білікті мамандар университетке шақырылып, жұмысқа тартылды. Бұл туралы М.Құлмұхаммед өзінің «Арыстан» атты естелік эссесінде айтып өтеді. Оның аталған естелігінде бірқатар қызықты мәліметтер бар: егер 1971 жылы ҚазМУ-де 52 ғылым докторы, 309 ғылым кандидаты жұмыс істесе, 1986 жылы 30-дан астам академик, 200-дей ғылым докторы, 700-дей ғылым кандидаттары қызмет атқарды. Ө.А.Жолдасбеков техникалық мамандық иесі болғандықтан университеттің материалдық-техникалық базасын заманауи техникалармен жабдықтаған. Мәселен, профессор А.Лукиянов мәліметінше университетке сол кездері БЭСМ-6 деген әрқайсысының құны 1 млн. сом тұратын 2 есептеу машинасы алынған. Сол кездері кеңестік 2 млн. сомға «Жигули» автомобилінің 400 данасын алуға болады екен. Университеттің бұдан өзге құрал-жабдықтары бірнеше миллиондаған соманы құрағаны анық. ҚазМУ қызметкерлері де сенімді ақтап нәтижелі жұмыстар жасады. 1980

жылдары ҚазМУ ғалымдары шетелдік 26 патент иеленді. Олардың бірқатар автоматты қондырғылары шетелдерде өндіріске еніп, адамзаттың игілігі үшін қызмет ете бастады. Осы кездері шетелдік студенттер де ҚазМУ қалашығында көптеп жүрді, университетте білім алып, елдеріне жоғары білікті маман болып оралды. ҚазМУ Ө.А.Жолдасбеков ректор болып тұрған кезде бірқатар қырлары бойынша Одақ көлемінде үздік үштікке кірді деуге болады.

Әрине, 1980 жылдар ортасында белең алған өрескел «қайта құру», «жариялылық» секілді КСРО СОКП басшылары тарапынан жасалған әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар салқынын Қазақстанға тигізбей қойған жоқ. 1986 жылы желтоқсан оқиғасынан соң, ол ұлтшыл деп айыпталынады. Оған жершілдік, қазақшылдық секілді ақылға сиымсыз айыптаулар тағылдады. Осы кездері 80-ге жуық комиссия құрылып, тексеріске түседі. Міне, сол тексерістерден Өмірбек Арыстанұлы Жолдасбеков өзінің адалдығының арқасында ақталып шықты. Одан кейін, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң қызметін қайта жалғастырды. Ғылымның жандануына қызмет етті. Парламентіміздің бірнеше рет депутаты болып сайланды. Осы кездері ол қоғам мен мемлекет өміріне тығыз араласып, оқу ісі мен ғылымның өркендеуіне қатысты түзілген заң жобаларын талқылап, бірқатар оң өзгерістерге қадам бастайтын істерді қолға алды. Ө.А.Жолдасбектің артына көп із қалдырған еңбектерінің бірі-өзі ашып кеткен – Инженерлік академиясы.

Сайып келгенде, Ө.А.Жолдасбеков келешекті ерте ойлаған, ертеңгі болашаққа жол сызған, жас кезінде өмірдің қыспағына жол бермеген, шыдамды, еңбекпен есейген, өмірді көріп өскен, тығырыққа тірелген кезде додалы пікірдің ортасын қақ жарып, әділ сөзді биіктететін, нағыз жүректі қайраткердің ғылыми мұралары халық үшін мәңгі жасайтынына сенеміз. Оның ісі мен өнегелі өмірі жастарға үлгі болуы тиіс. Сол себепті біз жастарды Өмірбек Арыстанұлы секілді оқуға, еңбек етуге шақырамыз